

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
рәміздерінің 30 жылдығына арналған  
**«МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ  
АРХИТЕКТУРАСЫ»**

атты халықаралық ғылыми конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
*30 наурыз 2022 ж.*

**МАТЕРИАЛЫ**  
международной научной конференции  
**«ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ  
АРХИТЕКТУРА»**  
посвященной 30-летию Государственных символов  
Республики Казахстан.  
*30 марта 2022 г.*

**MATERIALS**  
of the international scientific conference  
**«STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE»**  
dedicated to the 30th anniversary of the State symbols  
of the Republic of Kazakhstan.  
*30 March, 2022*

НҰР-СҰЛТАН  
NUR-SULTAN

УДК 001  
ББК 72  
Қ.18

**Қ.18 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына арналған «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ АРХИТЕКТУРАСЫ» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары/Материалы международной научной конференции «ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ АРХИТЕКТУРА» посвященной 30-летию Государственных символов Республики Казахстан/ Materials of the international scientific conference «STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE» dedicated to the 30th anniversary of the State symbols of the Republic of Kazakhstan – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2022.– 306 б. - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.**

**ISBN 978-601-337-649-3**

Жинаққа ғалымдардың, докторанттардың, магистранттардың, студенттердің жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелеріне, сондай-ақ этноархитектура саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелері және сәулет пен құрылыстағы жалпы проблемаларға арналған баяндамалары енген.

The proceedings are the papers of researchers, doctoral students, undergraduates and students on topical issues of natural and technical sciences and humanities also the results of scientific research in the field of ethnoarchitecture and general problems in architecture and construction.

В сборник вошли доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук, а также результаты научных исследований в области этноархитектуры и общих проблем архитектуры и строительства.

**УДК 001  
ББК 72**

**ISBN 978-601-337-649-3**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2022**

Осыған орай елімізде түбі бір түркі жұртының орталық мұражайы бой көтерсе, тарихи әділдік болар еді деп санаймын. Бұл теңдесі жоқ мұражай болары сөзсіз. Яғни Франциядағы Лувр, Ресейдегі Эрмитаж, Британдық музейден кем түспейтін әлемдік жоба болмақ. Бұл мұражай арқылы біз ортақ тегімізді, тарихымызды, күллі әлем қызыға тыңдайтын ерлігімізді насихаттаймыз.

Кеңестік тарих 1917 жылдан басталды. Тиісінше осы дәуір, осы кезең кеңінен насихатталды. Қазақстан егемендігін алғаннан кейін, 1465 жылы құрылған қазақ хандығын, қазақ мемлекеттілігін зерттедік, зерделедік. Өскелең ұрпақ санасына мемлекеттігіміздің бастау алған кезеңі туралы ақпарат сіңіре бастадық. Ол дұрыс.

Бізде ел қорғаған батырлар өте көп. Тасқа қашалған Орхон-Енисей жазбалары мен эпостық жырлар соның куәсі. Бұрмаланбаған, шындық жазылған тарих – ең басты идеологиялық құрал. Ұлттық менталитет, ұлттық мінез – тарихты ұлықтау мен дәріптеумен қалыптасады.

Осы ұсынылып отырған Түркі әлемі, Түркі тілдес халықтардың орталық музейі архитектуралық келбетінің жобасы жасалса, осы игі іске өзге де тың ойлар мен білікті мамандар да тартылса құба-құп болар еді. Осы жоба қолдау табар болса, ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосар еді деп санаймын.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген дана халқымыз. Насихат, идеология, тәрбие түзу болса, елтұтқа болар ұрпақ тәрбиелеуге болады. Президент айтқан жаңа Қазақстан тұжырымдамасының алғашқы қадамы ұрпақ тәрбиесін мықтап қолға алудан басталуы тиіс.

Елтаңбаға байланысты кемел жазушы Әбіш Кекілбайұлының «Елтаңбамыз қазақтың тарихы мен тағдырын, аңсары мен арманын дәл жеткізеді» деген сөзімен түйіндегім келеді.

**IRSTI 11.01.65**

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫНА МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІҢ ӘСЕРІ МЕН ӨЗАРА ЫҚПАЛЫ**

**Азмұханова А. М.**

[aiaz67@mail.ru](mailto:aiaz67@mail.ru)

т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Шығыстану» кафедрасының профессоры м.а.,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

**Жаксылыкова Л.А.**

[sara.zhaksylykova@mail.ru](mailto:sara.zhaksylykova@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Сәулет» кафедрасының доцент м.а.,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Кез келген елдің мемлекеттілік тұғырын айқын көрсететін өзіндік мазмұнға ие рәміздердің, атап айтқанда Елтаңбаның, Тудың, Әнұранның болуы тарихи даму процесіндегі қоғамдық-саяси құбылыстардың рөлін ғана атқарып қоймайды, сондай-ақ халықтың мәдениеті мен саяси биліктің ерекшелігінен де үлкен хабар береді. Уақыт кеңістігіндегі болмысты көрсетумен қатар, көршілес елдермен қарым-қатынастарды, мемлекеттің және оның аумағында тұратын халықтардың тарихи, саяси, әскери, мәдени дәстүрлерін де айшықтайды

Тарихи деректер мен жәдігерлерге сүйене отырып, қазақ мемлекеттілігінің даму үрдісін бейнелейтін ұлттық-мемлекеттік рәміздердің қалыптасу тарихы ерекше қызығушылық тудыратыны анық. Мемлекеттік рәміздердің алғашқысы да бірегейі - Елтаңбаның пайда болуының басталуы сонау ерте заманмен, алғашқы рулық қоғаммен тұспа-тұс келді. Алғашқы рулық тәртіп кезінде ру мүлкіне қолсұқпаушылықты қамтамасыз ету үшін, әр рудың өз ен-таңбасы болуы талап етілді. Ал, таптық қоғамға аяқ басқан тұста

ру-тайпа ақсақалдары өз үстемдіктерін бекемдеу үшін, таңбаға заңды биліктің белгісі ретінде қарады.

Елтаңба - бүкіл әлем мойындаған мемлекеттіліктің ерекше маңызды нышаны. «Герб» (елтаңба) термині «erbe» деген неміс сөзінен аударғанда «Мұра» немесе «енші» мағынасын береді және мемлекетті айрықшалайтын белгі болып табылады. Қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген ежелгі сақ тайпасының өздерін ерекше айрықшалайтын «Тамға» атанған тотем белгісінің болғандығын тарихтағы нақты дәлелдермен бекітуге болады. Ұлы империя құрған Түрік қағаны «Мойыншордың (749-759) ескерткіш тасында»: келтірілген «... Сол жерде мен Орда салғыздым. Онда орда кесенесін (мәңгітас) орнаттым. Ол жерде мен өзімнің мың жылдарға, түмен күндерге жететін өсиет сөздерімді және таңбамды жарқыраған тастың бетіне бітідім»[1]. Көріп отырғанымыздай, сонау Түрік қағанатының тұсында таңбаға деген үлкен құрметті, билеушінің өз билігін нығайтудағы құқықтық негіздерін бітік тасқа нақыштауы дәстүрлі қоғамның даму заңдылықтарының айқын көрінісі емес пе?

Махмұд Қашқаридың атақты «Түрік тілінің сөздігі» еңбегінде де бұл термин әміршіні ерекшелендіретін белгі ретінде түсіндірілсе, XIII-XIV ғ. Орта Азия данышпаны Рашид ад Динның атақты қолжазбаларында түрік елдерінің басшысы Оғызханның Ираннан Алтайға дейінгі жерлерді ұлдарына бөліп бергендігі туралы жазылған деректе де ол хандық тамғаны дербес билік нышаны ретінде тапсырған. Рулар мен тайпалар тамғаларын қазақтар да қолданып, үлкен Еуразия құрлығында тұратын түркітілді этностар да кеңінен қолданғанына көз жеткіземіз.

Әртүрлі геометриялық пішіндерден тұратын тамғалар елтаңба, мөр, таңба ретінде қолданылып, олардың кескіндемесінде суреттер, ежелгі жазу мен бейнелеу ескерткіштері жиі кездесіп отырады. Тамға тайпаның, рудың, отбасының және тағы басқа да меншіктікті білдіретін белгінің қызметін атқарған. Онымен жануарларды да таңбалаған. Бұл дәстүр ауылдық жерлерде тұратын қазақтарда әлі күнге дейін сақталған.

Көшпелілер ортасында бір тайпадан екінші тайпа бөлініп шыққанда ең әуелі азан шақырып ат қоюмен бірге киелі төрт қанатты туын көтере дүниені дүбірлетіп ұранын шақырып алта алашқа паш етіп таңбасын белгілеу дәстүр болған. Сол таңбаға қарап елін айыру мүмкін болған. Бұл дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. Тарих тәжірибесі - ұрпақтардың кешегісі мен бүгінгісінің ең асыл, сүбелі, нағыз прогресшіл қасиеттерін біріне-бірін жалғастырып отыратын өмір эстафетасы.

Қазақ даласындағы таңбалар жиынтығы Таңбалы таста. Ол жерде ескі уақыттан сақталып келе жатқан көп елдердің таңбалары бар. Сол себептен қазақ халқының бас қосып ұран шақырған жері Таңбалы тас деп келеміз. Қазақ елі империяға тәуелді болған жылдары Түрік қағанаты, Қарахан мемлекеті, Алтын орда, Тәуке хан мен Абылай хан мемлекеті қалыптастырған рәміздерінен айырылды. Бұл рәміздердің орнына батыс пен шығысқа өткір көзін тігіп тұрған, жез тырнағын кез келген мезетте батыруға дайын тұрған қос басты самұрық құсты қазақ даласына рәміз ретінде мойындатты.

1867-1868 жылдардағы әкімшілік-аумақтық реформа нәтижесінде Қазақстанда қалалар мен облыстардың елтаңбалары пайда болды. Ресей империясының құрамына кіретін еліміздегі барлық облыстар мен қалаларда біртұтас елтаңба үлгісін қолданды. Ресей империясы заңдарының толық жинағында Қазақстанның бірқатар облыстары мен қалаларының (16 уездік және округтік қалаларының) елтаңбаларының үлгісі келтіріледі. Қазақстанда ең бірінші болып 1842 жылы 7 қыркүйекте Петропавловск қаласының елтаңбасы арнайы бекітілген.

Қазақ елінің мемлекеттік рәміздерінің одан әрі эволюциясы, әсіресе XX ғасыр басында, олардың мазмұны төңірегінде өткір саяси күрес жүріп жатты, бұл қазақ қоғамына, оның әлеуметтік және рухани әл-ауқатына елеулі әсер етті. Ұзақ уақыт бойы (кеңестік кезеңде) ұлттық-мемлекеттік дәстүрлі рәміздер ұмытылды, олардың орнын мемлекеттің басқа міндеттерін бейнелейтін рәміздер алды. Кеңес үкіметі кезінде елтаңбаларды бір жүйеге түсірушілік болды. Қазақ КСРО-сінің жалпы елтаңбасының кескіндемесінде қызыл түсті сәуледе орақ пен балға, айнала түскен жолақта қазақ және орыс тілдерінде «Барлық елдердің

пролетариаттары бірігіндер!» делінген жазудан тұрды. Елтаңбаның жоғарғы бөлігінде бесбұрышты жұлдыз, ал төменгі жағында - «КССР» және «ҚССР» жазуы болды.

Жетпіс жыл бойы қазақ халқы өзіне тән қасиеттерін ескеретін рәміздерін қабылдай алмады. Тәуелсіз Қазақстан тарихында 1992 жылдың 2 маусымында Республика Жоғарғы Кеңесі қазақ халқының егеменді мемлекет болған жаңа рәміздерін бекітті. Дегенмен оларды қабылдау және бекіту саяси талқылауларсыз, қарама-қайшылықтарсыз болды деп айта алмаймыз. Оның дәлелі ретінде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңның 2007 жылы 4 маусымда қайта қабылдануын айтсақ та жеткілікті. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.

Мемлекеттік рәміздер мемлекетті құрудың аяқталу сатысы ретінде өз алдына маңызды болып табылатын белгілі бір сыртқы формаларды ғана емес, сонымен бірге саяси бағытты жүзеге асырудағы стратегияны атап көрсете отырып, осы мемлекетте тұратын халықтың тарихи-мәдени дәстүрлерінің сабақтастығында ішкі мазмұнды да толықтыратыны белгілі. Мемлекеттік рәміздерді оқу-тәрбие үрдісі барысында мемлекеттің, мемлекеттік биліктің атрибуттарын, басқа мемлекеттермен салыстырғандағы ерекшеліктерін қабылдайтын өскелең ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланудың маңызы ерекше.

Мемлекеттік рәміздерде ұлттық-мемлекеттік идеология эволюциясының ізі бар, оның мазмұнының өзгеруі рәміздердің пішінінің өзгеруінен көрінеді. Кез келген мемлекет өзінің күш-қуатын, әскери күшін, қуатын және басқа да жағымды қасиеттерін рәміздерінде барынша көрсетуге ұмтылады.

Ұлттық-мемлекеттік рәміздердің пайда болу себептерін зерттеу кез келген ізденушіге мемлекеттің даму тарихын, саяси бағытының өзгерістерін, мәдениет деңгейін, идеологиясын тұтас, толық көрсетуге мүмкіндік береді. Рәміздерді заңнамалық тұрғыдан бекіту мемлекеттің ұйымдық, идеологиялық және саяси нығаяуына, оның халықаралық беделінің өсуіне ықпал ететіні анық.

Халықаралық саясатта, Қазақстанның басқа елдермен қарым-қатынасында мемлекеттік рәміздер бірдей маңызды рөл атқарады. Әңгіме мемлекеттік рәміздерді (мемлекеттік туды көтеру, мемлекеттік әнұранды ойнау және т.б.) қолдануды көздейтін ресми дипломатиялық хаттама туралы ғана емес, сонымен қатар «халық дипломатиясы» деп аталатын, екі ел арасындағы күнделікті қарым-қатынас туралы да болып отыр.

Рәміздегеніміз не, бұл өте күрделі әлеуметтік-философиялық концепцияның мазмұны қандай? Француз зерттеушісі Жюльен Надь бұл категорияға мынадай анықтама береді: «Рәміз – ең күрделі логикалық ұғымдарды, идеяларды, тылсым құбылыстар мен күйлерді бере алатын белгілі бір белгіде бейнеленген абстрактілі шындық» [2].

Мемлекеттік рәміздердің егеменді еліміздің қалыптасуында, қоғамды ұлттық дәстүр негізінде топтастыруда, мемлекеттік билікті нығайтуда, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, мемлекеттің халықаралық ұстанымдарын кеңейту мен нығайтуда маңызы зор.

Қазақстан мемлекеттілігінің дамуындағы мемлекеттік рәміздердің рөлін, саяси эволюциядағы мемлекеттік рәміздердің маңызын гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларының өкілдері – шығыстанушылар, заңгерлер, тарихшылар, саясаттанушылар, психологтар, әлеуметтанушылар зерттеп, өз пәндері аясында барынша жан-жақты талдауға алады. Шығыстанушылар Шығыс елдеріндегі рәміздердің ортақ тұстары мен айырмашылықтарын қарастырса, заңгерлер мемлекеттің рәміздері қалыптасатын заңнамалық базаны зерттейді, тарихшылар мемлекет тарихындағы мемлекеттік рәміздердің қалыптасу процестерін, олардың елдер мен халықтардың тарихи дамуына ықпалы мен өзара ықпалын талдаса, саясаттанушылар мемлекеттік рәміздердің мемлекеттік билікке, мемлекеттің тұрақтылығына әсерін қарастырады. Ал, психологтар мемлекеттік рәміздерге байланысты психологиялық факторлардың қоғамның, бұқараның эволюциясындағы рөлін көрсетсе әлеуметтанушылар қоғамның (оның деңгейлерінің) мемлекеттік рәміздерге, ал олар арқылы – мемлекет саясатына қатынасын анықтайды

Жалпы тарихнамада рәміздерді зерттеу ХҮІІІ ғасырдан бастау алады. Белгілі кәсіпқой тарихшылар Мемлекеттік Елтаңбаны көптеген жағдайлардың дәлелі және азаматтық тарихи білімге ең пайдалысы деп түсінген.

Кеңес үкіметі тұсындағы мемлекеттік рәміздерде пролетарлық-шаруа, қоғамдық-саяси мотивтері басым болды. Бұл Кеңес мемлекетінің Елтаңбасына, Туына, Гимніне әсер етті. Тарихи әдебиеттерде Қазақ елінің мемлекеттік рәміздері ұмытылды. Кеңестік кезең тарихшылары бұрынғы мемлекеттік рәміздерді тек қана халыққа қарсы, реакцияшыл деп санады, сол арқылы мемлекеттің дамуындағы сабақтастықты үзді, пролетариаттың таптық күрес дәстүрлері бойынша жана қоғамдық-саяси жүйе мен оның нышандарын құрады.

Мемлекеттік рәміздерді зерттеудің кеңестік кезеңі қазақ халқының ұлттық-мемлекеттік рәміздерінің пайда болуы мен эволюциясы мәселелері бойынша ірі монографиялық зерттеулерді білмеді. Тарихнамада ту тарихына қатысты жазбалар 1970 жылдары ғана пайда болды, оның өзінде тек орыс халқының тарихына байланысты болды. Бұл басылымдар негізінен ғылыми-көпшілік сипатта болды және уақыт жағынан 1970 жылдардың басына дейінгі кезеңмен шектелді.

1990 жылдардың басына дейін, бүкіл кеңестік кезеңде тарихи-құқықтық әдебиеттерде ұлттық-мемлекеттік рәміздердің тарихы туралы арнайы зерттеулер болған жоқ. Мемлекеттік рәміздердің өзі тек патшалық Ресеймен, оның теріс қабылдауымен және бағалауымен байланысты болды[3]. Ескі патшалық рәміздердің өзі Кеңес мемлекетінің рәміздерімен - КСРО-ның мемлекеттік елтаңбасындағы жұмысшылар мен шаруалар одағының бейнесі ретінде орақ пен балға бейнелеріне қарама-қарсы қойылды; қызыл ту Кеңес Одағының мемлекеттік туы ретінде (олар КСРО өмір сүруінің бүкіл тарихында өзгеріссіз қалды); Әнұран – Ресейдің (Ресейдің) төңірегіндегі бірліктің көрінісі болды.

1990 жылдардың басында Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы зиялылар алдына дәстүр сабақтастығын негізге ала отырып, Қазақстан мемлекетінің ұлттық атрибуттарын қайта құру тұрғысынан мемлекеттік рәміздер мәселесіне жаңаша қарауға жол ашты.

Мемлекеттік рәміздерді жаңғырту мәселелеріне қызығушылықтың артуы ұлттық идеологияны қалыптастыру мәселелеріне де негіз болды. Егеменді, дербес Қазақстанның Елтаңбасы 1992 жылы қабылданды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы дөңгелек пішінді және көгілдір түсте күн сәулесі шашырап тұрғандай әсерде шаңырақтың суреті бейнеленген (киіз үйдің жоғарғы бөлігі). Шаңырақтың оң және сол жағында мифтік қанатты пырақ бейнеленген. Жоғарғы бөлігінде үлкен бес бұрышты жұлдыз бейнеленген, ал төменгі жағында алтын түспен жазылған «Қазақстан» сөзі бар. Көркемдік тұрғысы жан-жақты көзқарастың дәлме-дәл бірегей үндестігін тапқан. Шаңырақ - киіз үйдің негізгі бөлігі болып табылады, тіршіліктің бастау алар көзі, адамзат өмірінің маңызды бөлігі. «Шаңырақ» сөзі «чакра» сөзінен шыққан, санскритте «дөңгелек» мағынасын береді. Ал философиялық мағынасы - «Күн дөңгелегі». Сол үшін шаңырақтың күн көзін бейнелеуімен қатар шаңырақтан түскен күн сәулесімен дала уақытын біліп отыруы да кездейсоқтық емес.

Тотемдік маңызы бар нышан ретінде шаңырақты ежелгі бабаларымыз құрметтеген. Республикамыздың Мемлекеттік елтаңбасындағы шаңырақ бейнесі - Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтың Отаны бір, Қазақстан біздің ортақ үйіміз деген мағынаны береді. Оның бақыты шаңырақтың мықтылығы уықтардан тұратыны сияқты әр адамнан тұрады. Мемлекеттің болашағы бірлік пен татулықтан тұрады.

Мифтік қанатты тұлпарлардың бейнесі - Мемлекеттік елтаңбадағы тұлпар маңызды геральдикалық бөлшегі болып табылады және белгілі бір идеялардың ролін орындайды. Тұлпардың бейнесі ежелгі дәуірден бері күштілік пен қайсарлықтың ұғымын берген. Оның қанаты көпұлтты Қазақстан халқының мықты әрі жан-жақты көркейген мемлекетке айналуының бейнесі ретінде берілген[4]. Әлемдік өркениетке жетуді, жарқын болашаққа талпынушылық пен арман-мақсатты, сондай-ақ даму мен үлкен мақсаттарға жетудің мәнін береді. Сол үшін Мемлекеттік елтаңбадағы қанаттардың символикалық маңызын

мемлекеттілікті дамытудың жоғары деңгейлік ойлары мен қарапайым азаматтық талпыныс деп түсіну қажет.

Мемлекеттік елтаңба бейнесінің тағы да бір бөлігі бар, ол - бес бұрышты жұлдыз. Жұлдыз - өмірге жетекшілік ететін, көтеріңкілікке, талпыну мен мәңгіліктің, биліктің нышаны ретінде бейнеленген. Жұлдыз тек Ресейдің ғана мемлекеттік геральдикасына тән нышан болып табылмайды, оны Ресейдің революциялық нышанына алғаш рет орыс дворяндары енгізді және ол Ресейдің мемлекеттік елтаңбасында бірден пайда болған жоқ. Бұл бейнені аударылған және ассиметриялы түрде қолдануға болмайды. Бесбұрышты жұлдыз ақиқат әлемдегі - «Таң жұлдызын» бейнелейді. Мемлекеттік елтаңбадағы жұлдыз бейнесі барлық қазақстандықтардың қазіргі жаңа жоғары өркениеттілік және дамыған мемлекеттермен қоғамдастыққа бірігудің ардақты арманын, сонымен бірге барлық ғаламшардағы құрлықтардың барша халқына ашық екендігін бейнелейді.

Мемлекет атауының өзі де оның лингвистикалық, этномәдени, символикалық белгісі болып табылады. Ол өзінің саяси мағынасы және елдің конституциясы екенін анықтайды. Біздің елдің атауы - Қазақстан - мемлекеттің атауы сияқты, XV-XVI ғасырлардан бастау алған қазақ ұлтымен байланысты тарихи түпнұсқалардан жиі кездеседі.

Мемлекеттік елтаңба бейнесіндегі қолданылған басты түс - алтын түсті болып табылады, ол байлықтың, әділеттіліктің және қайырымдылықтың символы екенін көрсетеді.

Мемлекеттік елтаңбада, сонымен қатар, байрақтың түсі - аспан түстес көгілдір болып келеді, ол алтын түспен сәтті үйлескен.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары, сәулетшілер Жандарбек Мәлібекұлы Мәлібеков және Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан.

Жандарбек Мәлібекұлы Мәлібеков - Өзбекстанның еңбек сіңірген сәулетшісі. 1942 жылы 24 наурызда Қызылорда облысы Жанақорған ауданы Екпінді ауылында туған. Ташкент политехникалық институтының сәулет факультетін бітірген. Жобалардың Бас сәулетшісі, Өзбек өнеркәсіптік ғылыми-зерттеу институтының қала құрылысы шеберханасының жетекшісі.

Әндіжан қаласындағы әуевокзалдың, Ферғана қаласындағы облыстық поштаның, Самарқанд қаласындағы драма театр мен орталық кітапхана, Анғара, Ферғана және Самарқанд қалалары шағын аудандарындағы тұрғын үй құрылыстарының жобаларына қатысқан.

Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторы, Қазақстанның еңбек сіңірген сәулетшісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті қоғам қайраткері. 1932 жылы 26 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы, Сырымбет ауылында туған. Қазақ қала құрылысын жобалау институтында қызмет етті, Алматы қаласы бас сәулетшісінің орынбасары, Қазақстан Сәулетшілер одағының төрағасы болды.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау республикалық қоғамының төрағасы болды. Алматы қаласындағы Т. Бокин, Ә. Жангелдин, Ш. Уәлиханов ескерткіштерінің - басты салушыларының бірі, «Динамо» стадионын жобалау бойынша шығармашылық топқа қатысушы. Алматы қаласындағы Тәуелсіздік монументі авторлар шығармашылық тобының жетекшісі болды.

Әр елдің ұлттық туларында белгілі бір түстер қолданылады. Соның ішінде жиі кездесетіні – үш түс екен: ақ, қызыл және көк. Біздің мемлекеттік туымыздың түсі – көк. Көк түс аспанның белгісі. Бұл киелі түс - бірлік пен ынтымаққа, тыныштық пен бейбітшілікке шақыратын символға айналған.

Көк түс қазақ халқының ұлттық реңі деп саналады. Кезінде Түркі қағанаты (552-630 ж, 682-743 ж), Хазар қағанаты (651-983 жж.), Ұлы Селжұқ қағанаты (1040-1157 жж.), Ақсақ Темір мемлекеті, Қазақ хандығының (1465-1737 жж.) бірқатар хандары мен батырлары көк байрақ көтерген. Қазақ ССР-нің (1920 - 1991 жж.) мемлекеттік жалауында да шағын көк жолақ республиканың төл болмысының нышандық белгісі ретінде пайдаланылады.

«Көк» сөзінің көне түркі тіліндегі бір мағынасы «шығыс», «шығыстық» деген ұғымға сәйкес келеді. Яғни, тудың түсінен белгілі бір нақты географиялық ақпарат алуға болады. Ол геральдика тілінде бүкіл әлемге Қазақстан - жер шарының шығысында орналасқандығын, Ұлы дала өркениетінен бастау алатын, тамыры тереңде жатқан шығыс мәдениетінің өкілі екендігін баяндап тұрғандай. Сонымен қатар көк түс ол мемлекеттік тұтастық идеясын білдіреді. Сенімділік, үміт сияқты адам қасиеттеріне жақын. Сондай-ақ, алғашқы геральдистердің бірі – Аксельм жасаған кесте бойынша, көк түс – адалдықтың пен тазалықтың белгісі ретінде қабылданады.

Ал, күн бейнесі - байлық пен береке белгісі. Күн бейнесін салу арқылы қазақ елі өзінің жалпы адамзаттық құндылықтарға ортақтастығын және халықаралық қауымдастықтың бір бөлігі екендігін аңғартып тұр және де туымыздағы күн бейнесі – шекарамыздың бұзылмайтындығын бейнелейді.

Қыран бүркіт образы – қазақ халқының ұлттық дүниетанымында еркіндік, ерлік, жан дүниесінің кеңдігі, асыл мұрат, жүрек тазалығы сияқты және адамгершілігі биік деген ұғымдармен астасып жатады.

Біздің республикамыздың мемлекеттік рәміздеріне шетелдік мамандар жоғары баға берген. Мемлекеттік рәміздеріміз әлемдік каталогқа енген. Шексіз далада ұшқан қыран, ою-өрнек – еліміздің ұлттық жиынтық бейнесі.

Жалпы, отандық философтардың зерттеулерінде рәміздер тарихын теориялық тұрғыдан зерделеу үшін маңызды ұстанымдар бар: сана мен таңбаның арақатынасы, белгі мен нышанның арақатынасы (мәдениет белгілері мен сана нышандары), білім, тіл және таңба және т.б. рәміз «бір шетінде сананың осы нақты мазмұнына, ал басқаларына - сананың қандай да бір мәнділігі пысықталатын психикалық болмысқа сіңген нәрсе» деп анықтаулар береді[5].

Кейбір батыстық авторлардың еңбектерінде қазақ елінің мемлекеттік рәміздері туралы материалдар жоқ болса да, олардың теориялық ой-пікірлерін бірқатар елдер мен халықтардың тарихындағы рәміздердің рөлін зерттеуде қолдануға болады. Бұл философиялық еңбектер ұлттық мемлекеттік рәміздер тарихына тікелей қатысы болмаса да, таңбаға, бейнеге ұқсас дүниежүзілік тарихтың құбылысы ретіндегі рәміздің теориялық негіздерін зерттеуге пайдалана алады. Философиялық еңбектердің мазмұнынан біз негізге алған мемлекеттік рәмізге халықтың мәдени-тарихи дәстүріндегі болмысын көрсететін белгі ретінде алған анықтамасы шығады.

Тарихнамалық талдаудың нәтижелерін қарастыра келе, Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің қалыптасу тарихын зерттеу қазіргі уақытта бірқатар гуманитарлық ғылыми пәндердің түйіскен тұсында жүргізілетін ғылыми зерттеулердің дербес бағытына айналып отыр деп сеніммен айтуға болады.

Мемлекеттік рәміздердің мемлекет жағдайына, оның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне ықпалы тікелей сипатқа ие емес, ол жанама түрде жеке тұлғаның, ұжымның қалыптасу тетіктері арқылы, мемлекеттің саяси бағытына, саяси бағытына ықпал етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік рәміздер мемлекеттің нығаюына, қоғамды тұрақтандыруға ықпал ете отырып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне белгілі бір үлес қосады. Мұндай әсер ету механизмі өте күрделі және қазіргі заманғы ғылымда аз зерттеліп отыр. Назар аударатын мәселелер ретінде:

- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің ерте кездегі қалыптасуынан бастап бүгінгі күнге дейінгі қалыптасу процесін қарастыру;
- мемлекеттік рәміздер мен Қазақстан мемлекетінің эволюциясының әртүрлі кезеңдеріндегі, ең алдымен 1990 жылдардағы өзара әрекетін көрсету;
- революцияға дейінгі, кеңестік және қазіргі Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің сабақтастығын ашу;
- мемлекеттік рәміздердің Қазақстан мемлекетінің, қоғамының жағдайына, оны тұрақтандыруға әсерін талдау, осы әсер ету тетіктерін ашу;
- саяси күрестің маңызды құралы ретінде мемлекеттік рәміздердің рөлін зерттеу;



- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің қазіргі кезеңде мемлекеттің ұлттық идеологиясының қалыптасуына, жас ұрпақтың патриотизмге және басқа да азаматтық қасиеттерге тәрбиелеуге әлеуметтік-психологиялық әсерін зерттеу алда тұр.

Мемлекетті нығайтудағы, қоғамды топтастырудағы соңғы рөлді 1990 жылдары Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік рәміздері – Елтаңба, Ту, Өнұран атқарды. Олардың қалыптасуы, қайта құруға қарсы тұру, қарама-қарсы көзқарастардың, бағалаулардың, дүниетанымдық көзқарастардың болуы жағдайында өтті.

Қазақстан мемлекеті эволюциясының қазіргі кезеңінде қоғамдағы идеологиялық және саяси бағыттар бойынша жікке бөлуді еңсеруге, билік вертикалін нығайтуға мүмкіндік туды. Бұл маңызды міндеттерді шешуде мемлекеттік рәміздер соңғы рөл атқарған жоқ. Қоғамды топтастыруда мемлекеттік билік соларға сүйенеді.

Әрине, біздің қоғамда өткеннен мұра болып қалған, қазіргі экономикалық және қоғамдық-саяси жағдай туғызған күрделі мәселелер, қайшылықтар аз емес. Оларды бір күнде, қысқа мерзімде жеңу мүмкін емес. Аймақтық деңгейде мемлекеттік билікті нығайту, барлық билік тармақтарының өзара іс-қимылы, қоғам дамуының келеңсіз аспектілері мен тенденцияларын еңсеру үшін күнделікті байыпты, қажырлы жұмыс қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы: Ерте заманнан -XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін. Аударма, зерттеу, факсимилие. – Алматы: «Асыл кітап» баспа үйі, 2018. – 696 бет.
2. Жюльен Н. Словарь символов. - Челябинск, 1999.С.5.
3. Сейдімбек А. Қазвқ әлемі: Этномәдени пайымдау. Алматы: Санат, Алматы, №3, 43 б.
4. Ғалиев В. Қазақ мәдениетінің рәміздері. Алматы: ҚазҰУ, 2014
5. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік -философиялық талдау. Алматы: ҚазҰУ, 2007

**УДК 721**

### **АНТРОПОГЕННОЕ ВЛИЯНИЕ НА ПОЙМЫ РЕК В ПРЕДЕЛАХ ТЕРРИТОРИИ ГОРОДА АЛМАТЫ**

**Бурматова И.А.**

*[irkabyrka87@gmail.com](mailto:irkabyrka87@gmail.com)*

Магистрант, Satbayev University, г.Алматы, Казахстан

**Куспанғалиев Б. У.**

Доктор архитектуры, профессор, директор Института архитектуры и строительства Satbayev University, г.Алматы, Казахстан

**Самойлов К. И.**

Доктор архитектуры, профессор кафедры «Архитектура», Satbayev University, г.Алматы, Казахстан

На градостроительные особенности города Алматы большое влияние оказывает экологическая составляющая города. Одним из её важных компонентов является организация рекреационного пространства, его функционирование и взаимодействие коммуникационных связей городских территорий. Стратегически важным связующим элементом этих зон являются именно реки и прибрежные пространства, они определяют экологический каркас города и являются его ценным рекреационным ресурсом. Кроме того,